

ескерткіштерді бірен-саран ғана адамдардың ғана зерттеуі қазақ әдебиеттану ғылымын қанағаттандырмайды» [15], – деп әдебиеттанудың маңызды да келелі мәселесіне сергек қарау туралы әдебиетшілерге ой салды. Бұл тұрғыда Ә. Қоңыратбаевтың «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (1972), А. Қыраубеваның «Қисса-и Рабғузи», «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» (1974), Ш. Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабының» поэтикасын түркі халықтарының эпосымен салыстыра зерттеу» (1979) тақырыбында жазылған зерттеулері көне түркі әдебиетін терең де жанжақты зерттеудегі іргелі еңбектер болып табылады. Бұл зерттеулер қазақ халқына да ортақ болып табылатын көне мұраларды кешенді қарастыруларымен және де әдебиет тарихының дәуірлерін ғылыми негіздеуде ерекше мәнге ие жәдігерлерді типологиялық тұрғыда талдауларымен әдебиеттануға тың зерттеушілік сипат дарытты, түркологияның келелі арналарына соны тыныс берді. Осы сияпаттағы тың да соны ғылыми ізденістер барысында қазақ әдебиеті тарихын тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеудің жаңа бағыты айқындалды. Оның қозғаушы күші әдебиетші Бейсенбай Кенжебаевтың ғылыми еңбектері бола отырып, қазіргі әдебиеттанудың басты бағытын айқындап берді.

### Әдебиеттер

- 1 Русская литература XX века. Очерки. Портреты. Эссе. В 2 ч. Ч. 2. – М.: Просвещение, 1994. – 383 с.
- 2 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ халқының жазба

әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады // Қазақ әдебиеті. – 1960. – 22 мамыр.

4 Жұмалиев Қ. Қате пікір қағидаға айналма-сын // Қазақ әдебиеті. – 1960. – 19 шілде.

5 Ақынжанов М. Халықтың құрылуы – жазба әдебиетінің түп қазығы // Қазақ әдебиеті. – 1960. – 5 тамыз.

6 Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті: зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983. – 360 б.

7 Кенжебаев Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы // Лениншіл жас. – 1962. – 20 қараша.

8 Бердібаев Р. Ұстаз. Ғалым. Азамат // Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.

9 Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы / құрастырған Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов. – Алматы: Мектеп, 1967. – 207 б.

10 Мағауин М. Қадым заман куәгері // Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы / құраст., алғы сөзін, түсініктемелерін жазған М. Мағауин. – Алматы, 1971.

11 Ақберен. XV-XX ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған Қабіболла Сыдықов. – Алматы: Жазушы, 1972. – 220 б.

12 Дүйсенов М. Фольклор ма, әдебиет пе ? // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 2 шілде.

13 Алдамжаров Б. Тарих қойнауына көз салсақ // Қазақ әдебиеті. 1972. 3 мамыр.

14 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 167 б.

15 Әбілқасымов Б., Ыбыраев Ш. Зерттеу объектісі – әдебиет тарихы // Жұлдыз. – 1973. – № 7.

А.Б. Жумағұлов, С.У. Такиров

### Б. Кенжебаев и литература древней эпохи

В статье рассматриваются работы Б. Кенжебаева, посвященные исследованию древней эпохи истории казахской литературы древнетюркского периода. Анализируется актуальность нового научно-методологического подхода изучения и периодизации многовекового литературно-духовного наследия казахского народа в процессе исторической преемственности Б. Кенжебаева.

**Ключевые слова:** словарь «Кодекс Куманикс», уйгурская, арамейская алфавиты, Орхон-Енисейская, Таласско-Шуйская письменности, Казахское ханство, литература древней эпохи.

A.B. Zhumagulov, S.U. Takirov

### B. Kenzhebaev and literature of an ancient era

In the article the works of B. Kenzhebaev, which were dedicated to investigation of ancient history of Kazakh literature in ancient Turkic period, were examined. The relevance of new scientific and methodological approach at study and literary periodization of centuries-old spiritual heritage of Kazakh folks was analyzed in the process of historical B. Kenzhebaev's continuity.

**Keywords:** Code of Kumaniks dictionary, Uigur, Aramaic alphabets, Orkhono-Eniseysaya, Talassko-Shuysky writings, Kazakh khanate, literature of an ancient era.

ӨОЖ 82.0:001.89

А.Б. Жұмағұлов\*, С.У. Такиров

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

\*E-mail: aitbai\_mumin@mail.ru

**Б. Кенжебаев және ежелгі дәуір әдебиеті**

**Андатпа.** Мақалада ғалым Б. Кенжебаевтың ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге арналған мақалалары қарастырылады. Әдебиеттанушы ғалым Б. Кенжебаев әдебиет тарихын көне түркі дәуірінен бастаудың ғылыми және әдістемелік негіздерін айқындауда әдебиеттанудағы озық ғылыми тәжірибелерді терең білгірлікпен ұштастырып, көркемдік ойлаудың тарихи бастауларын дәлелдеген еңбектердің маңызы сараланады. Қазақ әдебиетінің тарихын тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеп, оның ежелгі дәуірлерінен бастап жүйелеудегі Б. Кенжебаев концепциясы әдебиеттануда бірден-бір жетекші де басты ұстаным болып қала беретіні көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** «Кодекс Куманикс» сөздігі, ұйғыр, арамей әліппелері, Орхон-Енисей, Талас-Шу жазулары, Қазақ хандығы, ежелгі дәуір әдебиеті.

XX ғасырдың 60-жылдары кешегі кеңестік елдердің рухани және әдеби өміріне «жылымық» лебін сіңірді. Мызғымас кеңес мәдениеті мен өнеріндегі тұтас та үздік әдіс – социалистік реализм туралы сталиндік миф шайқалды, ақиқатқа ұмтылу жанданды [1,19-20 бб.]. Осы ретпен келгенде қазақ әдебиеттануында қазақ әдебиеті тарихының алты томдығының (1960-1967) жазылуы да әдебиет тарихын жаңаша зерделеу, жүйелеу талабындағы ізденіс еді. Осы еңбектің екінші томының бірінші кітабында XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы жан-жақты зерттелді. Сонымен қатар Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты екі томдық еңбегі жарық көрді. «Онда Қажым Абайдың өмірі мен шығармашылығына кең талдау жасады, Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын, тарихи еңбегін, қазақтың әдеби тілін қалыптастырудағы қызметін жан-жақты қарастырады. Оның тілінің бейнелілік сипаттарын зерттеді» [2,257-б.]. Әрине, Қ. Жұмалиевтің әдебиет тарихын дәуірлеуді XVIII ғасырдан бастау ұстанымның біржақты тұстары болғаны анық. Алайда аталған кезеңдердегі әдебиет тарихының нақты зерттеу нысанына алынуы өзге дәуірлерді зерттеу, әдебиет тарихына тереңірек үңілу та-

лабына да қозғау салды. Осы маңызды істе «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» атты проблемалық мақаласын жазған ғалым Б. Кенжебаев өз пікір, ұстанымынан қайтпады. Зерттеуші 1959 жылғы конференциядағы әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты Қ. Жұмалиев пікірімен полемикасына қайта оралып, әдебиет тарихын VIII-IX ғасырлардан бастау туралы ұсынысын білдірді. «Сонымен, қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын VIII-IX ғасырлардан бастау қажет те, заңды», – деген пікірін нақты мысалдармен ғылыми негізді дәлелдеп берді. Қазақ халқына да ортақ болып табылатын көне дәуір мұраларынан бас тарту – әдеби дәстүр заңдылығын ескермеу әрі оған қайшы екенін: «XIX, XX ғасырлардағы көп ақын-жазушыларымыз ешбір дәстүрсіз, не аспаннан түскендей, не жерден шыққандай болып қалады. Сондықтан қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын ғылыми негізде, әдеби заңды етіп жасайық» [3], – деп негіздеді. Б. Кенжебаевтың бұл ұсынысына Қ. Жұмалиев «Қате пікір қағидаға айналмасын» атты мақаласымен жауап беріп, өз пікірін қорғады [4]. Полемикалық сипаттағы мақалалардағы әдебиет тарихын дәуірлеу мәселені байланысты пікір қайшылығына өзге де тарих-

шы, тілші, жазушы қауым үн қосты. Мысалы, М. Ақынжановтың «Халықтың құрылуы – жазба әдебиетінің түп қазығы», Ә. Құрышжановтың «Кодекс Куманик ескі мұрамыз», С. Мұқанов, Л. Рүстемовтердің «Үндес жыр – ортақ мұралар», Х. Сүйіншәлиевтің «Құнттап зерттеуді керек етеді» мақалаларын атауға болады. М. Ақынжанов өз мақаласында көне түркі әдебиет нұсқаларының қазақ халқының тарихы, әдеби тілімен тарихи байланысын кеңінен қарастырып, Б. Кенжебаев ұсынысын қолдады. Тарихшы «Қ. Жұмалиевтің қазақ жазба әдебиетін Бұқардан бастау керек деген пікірі қазақ халқының құрылуын, тіл мен әдебиетінің қалыптасып дамуының тарихи жақтарын ескермеуден туған. Қ. Жұмалиев өз мақаласында Б. Кенжебаевтың ғылымдық зор мәні бар мәселе көтеруін мойындағысы келмейді, қызбалыққа салынады, кей жерлерде тиісе сөйлеп, даудамайдың ескі тәсіліне ұрынады. Әрине, мұндайдың керегі жоқ. Ондайын былай қойғанда, профессор Қ. Жұмалиевтің мақаласында құнды пікірлер де бар» [5], – дей келіп, қазақ халқының жазба әдебиетін VIII-IX ғасырлардан бастауға болады деген көзқарасын білдірді. Тілші ғалым Ә. Құрышжанов «Кодекс Куманик» сөздігінің тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы тұрғыдан талдап, ортақ белгілер мен ұқсастықтарының тілдік заңдылықтарын ашады. Ал Х. Сүйіншәлиев қазақ әдебиеті тарихының бастауын көне жазба ескерткіштермен сабақтастырады. Осы мақалаларда көтерілген, қарастырылған мәселелер әдебиет тарихын дәуірлеудегі Б. Кенжебаев ұсынысының әдебиеттанудағы бірден бір дұрыс ұстаным екенін дәлелдей түсті. Және де Б. Кенжебаев әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты ой-пікірін проблемалық мақалалары арқылы ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан үнемі нығырлаумен, нақты деректер негізінде дәлелдеудегі ізденісте болды. Мысалы, «Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы» атты М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томановтардың «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» кітабына жазған рецензиялық сипаттағы мақаласында тілші ғалымдардың қазақ әдеби тілінің тарихын: 1. XIX ғасырдың жартысына дейінгі әдеби тіл. 2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби тіл. 3. XX ғасырдың басындағы әдеби тіл. 4. Октябрь революциясынан кейінгі әдеби тіл тұрғысында дәуірлеулеріне сын көзімен қарайды. Қазақ халқының

көне тарихының терең білгірі Б. Кенжебаев авторлардың ұлт тарихының байырғы жазу-сызуларын назардан тыс қалдырып, бергінгі дәуірлермен ғана шектелулеріндегі ғылыми дәйексіздікті: «Ақырында, авторлардың көмескілетіп, қазақ бұрын мемлекет, ұлт болған жоқ, ертеде қазақтың жазу-сызуы, жазба әдебиеті болған жоқ, сондықтан қазақтың әдеби тілі кейін, XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың басында пайда болды дегілері келеді» [6], – деп орынды ескертеді. Қазақ халқының отандық шежіресін тарата баяндап, сол кездегі қазақ тарихшылары дендеп бара бермеген маңызды мәселелерге ой салады. Түрік қағанаты, Алтын Орда дәуірі, Қазақ хандығына қатысты құнды тарихи деректер келтіріп, олардың бәрін жазу-сызу тарихымен байланыстыра саралайды. Түркі тектес халықтардың ру-ұлыстық дәуірі деген ғылыми терминді қолданып, олардың адамзаттық өркениеттегі орнын айқындайды. «Бұл халықтардың ру-ұлыстық дәуірінде өзінше әліппесі, жызу-сызуы болған. Олар бұрынғы ұйғыр, арамей әліппелері, Орхон-Енисей, Талас-Шу жазулары деп аталады» [7], – деп, көне әдебиет нұсқаларын негізге ала отырып, жазба әдебиеттің туу дәуірінен бастап Қазақ хандығы, XIX-XX ғасырлардағы әдебиет тарихының айтулы өкілдері шығармаларының мысалында ұлт әдеби тілінің тарихи сабақтастық арналарын көрсетеді. Көне түркі жәдігерліктерімен қатар Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жыраулар есімдерін атап, әдеби дамудың дәстүрге ұласуын XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ағартушы-демократтық, сыншыл-реалистік бағыттармен түйіндейді. Әдеби тіл мен әдебиет тарихының мынадай жүйедегі дәуірлерін ұсынады: «1. Қазақтың X ғасырға дейінгі ру-ұлыстық, түрік текті халықтармен ортақ әдебиеті, ру-ұлыстық әдеби тіл; 2. Қазақтың X-XV ғасырлардағы ұлыстық, тағы да түрік текті халықтармен ортақ әдебиеті, ұлыстық әдеби тіл; 3) қазақтың Қазақ хандығы тұсындағы XV-XVIII ғасырлардағы өзіндік әдебиеті, халықтық әдеби тіл; 4) қазақтың XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы жаңа, сыншыл-реалистік әдебиеті, ұлттық әдеби тіл» [7]. Әдебиетші ұлыстық дәуірден бастап ұлттық дәуірге дейінгі әдеби тіл мен әдебиеттің дамуының тарихи кезеңдерін хронологиялық тұрғыдан жаңаша зерттеудің нақты бағыт-бағдарын да айқындап берді. Ғалым Р. Бердібаевтың: «Үлкен оқымысты

Б. Кенжебаевтың отаншыл аңсардан туған татымды, жаңашыл еңбектері халық мәдениетінің тарихын тереңдеп тексерудің жақсы үлгісі болып табылады» [8, 397-б.], – деген бағасы Б. Кенжебаев еңбектерінің отаншылдық биіктегі мұрат-мақсатын танытады.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесін ғылыми негізді зерттеуде әрі оның көне дәуірлерін айқындауда «Ежелгі мәдениет куәлары» (1968) атты ұжымдық кітап жарияланып, Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1967), Б. Кенжебаевтың «Көне әдебиет туралы» (1969), М. Мағауиннің «XV-XVII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» (1965), М. Жолдасбековтің «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» (1969), Ы. Дүйсенбаевтың «Октябрьге дейінгі қазақ әдебиетін зерттеу проблемалары (XVIII, XIX және XX ғасырдың бас кезі)» (1967) деген тақырыпта диссертациялық зерттеу еңбектері жазылды.

1965 жылы Б. Кенжебаев ҚазМУ-дың филология, журналистика факультеттерінің қазақ бөлімдеріне «Ежелгі әдебиет» атты дербес лекциялық курс енгізді. Ал 1967 жылы Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов құрастыруларымен «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты тұңғыш хрестоматия жарық көрді. Ұлттық әдеби және рухани өмірге соны тыныс дарытқан бұл еңбек «Қазақ әдебиетінің ең көне, ежелгі әдебиеттерінің бірі екендігін дәлелдеді» (М. Жолдасбеков). Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде ғалымдар мынадай жүйелеуді ұстанды: 1. Көне әдебиет (V-XIV ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінесе, сол замандардағы түркі ру-тайпаларына ортақ әдебиет. 2. Хандық дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасыр арасы). Қазақтың төл әдебиетінің басталауы. 3. XIX ғасырдағы әдебиет. 4. XX ғасыр басындағы (1900-1920) бұқарашыл әдебиет. 5. Социалистік дәуір әдебиеті [9,12-б.].

Қазақ халқының өткен тарихын, мәдениетін, әдебиетін кеңінен қарастырған ғалымдар әдебиет тарихын көне түркі дәуірінен бастаудың ғылыми және әдістемелік негіздерін айқындауда әдебиеттанудағы озық ғылыми тәжірибелерді терең білгірлікпен ұштастырып, көркемдік ойлаудың тарихи бастауларын дәлелдеп берді. Соның барысында әдеби дамудың тарихи

сабақтастық, дәстүр мен жалғастық мәселелеріне жаңаша қарау, жаңаша зерделеудің бағыт-бағдарына түбірлі өзгерістер әкеліп, дәуірлеуге қатысты қалыпты көзқарастан арылтты. Оған кітаптың екі бөлімінде қамтылған көне түркі әдебиеті үлгілері мен жыраулар поэзиясы, сонымен қатар оларға қатысты ғылыми талдауларға түбегейлі жол салып берді. Біріншіден, Орхон ескерткіштері, «Оғуз наме», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұд Қашғаридің «Дивни луғат ит – түркі», Ахмет Игүнекидің «Хибату хақайық», сондай-ақ «Мухаббат наме», «Оғуз наме» тәрізді көне әдебиет нұсқалары талданып, олардың қазақ тіліндегі аудармалары берілді. Екіншіден, Қазақ хандығы дәуірінің Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар жырау, Ақтамберді, Тәтіқара, Көтеш, Шал сынды ақын-жыраулардың өміріне қатысты тың деректер қамтылып, толғау-жырлары, өлеңдері ұсынылды. Сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр болған жырау тұлғасының өзіндік қасиеттері сипатталды. Үшіншіден, XIX ғасыр әдебиетінің Абыл, Ақтан, Қашаған, Аралбай ақын-жыраулардың мұралары енгізілді.

Жыраулар поэзиясының қазақ сөз өнерін еселеуге қосқан поэтикалық қуаты, эстетикалық танымы ұлттық сипатта қарастырылып, толғау-жырларының тақырыптық-идеялық өзегі елдік пен ерлік болғаны тұжырымдалды. Мысалы, «Шалкиіз жырау әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырды. Ол сахара эпосын жасаушылардың бірі болды» [9,17-б.], «Жырау өз толғауларында халықты басқыншылармен аянбай күресуге шақырды, дұшпанға соққы берер, жеңіс күні туар сәтті армандайды. Сондықтан Ақтамберді жырларының негізгі сарыны да ерлік, азаттық үшін күрес» [9,19-б.], «Үмбетей шығармаларындағы негізгі бағыт – философиялық, дидактикалық сарын, өмір, болмыс туралы ойлар» [9,19-б.] өзге де ғылыми талдаулар мен эстетикалық бағалаулар қазақ әдебиетіндегі жыраулар тұлғасының алар орынның тануда маңызды болды.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуді ғылыми негіздеу осы бағыттағы зерттеу еңбектерінің желісін үзбей жалғастырылуымен де сабақтаса өрбіді. Атап айтқанда, «Алдаспан» (1971), «Ақберен» (1972) жинақтарының жарық көруі Б. Кенжебаев концепциясының нақты жүзеге асуы болатын. Ол көне мұра нұсқаларын жариялауда «Ертедегі әдебиет нұсқалары» хресто-

матиясында алғаш жүзеге асса, М. Мағауиннің құрастыруы, алғы сөзімен жарық көрген «Алдаспан» атты жинақта XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалары жүйеге келтіріліп, тұңғыш рет басылды. Жинақтың «Қадым заман куәгері» алғы сөзінде М. Мағауин: «Орхон-Енисей жазулары әдебиетіміздің басы болса, одан соңғы дәуірлерде «Оғызнама» (IX ғ.), «Қиссас-үл-әнбия» (XI ғ.), «Мұхаббатнама» (XIII ғ.), «Кодекс Куманикс» (XIII ғ.) тәрізді жазба әдеби мұралар жасалды, Хожа Ахмет Ясауи (XII ғ.), Сүлеймен Бақырғани (XII ғ.), Сайф Сараи (XIV ғ.) сияқты қаламгерлер еңбек етті» [110,5], – деп көне әдебиет нұсқаларының жазба әдебиет бастауындағы маңызын тұжырымдады. Жыраулар поэзиясының қайталанбас ұлттық сипаттағы қасиеттері эстетикалық тұрғыдан бағаланып, ұлт поэзиясының көркемдік дамуындағы жанрлық бітімі байыпталды. Ал Қ. Сыдиқовтың құрастыруымен, алғы сөзімен жарық көрген «Ақберен» жинағында XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының ғылыми-зерттеу мен рухани арнадан тыс қалып келген мұралары қамтылды. Жинақтың алғы сөзінде Қ. Сыдиқов: «Ғасырлар қалтарысындағы асыл мұраны аялай қарап, оның таңдаулы үлгілерін жариялап отыру, халықтың биік мұратын толғаған ақын, жыраулар дәстүрі біздің дәуірімізге қалай ұласып, дамығанын көрсету – ұрпақ алдындағы парыз» [11,6-б.], – деп жазады. Көркемдік дамудың дәстүр ұласуын тануда әдеби мұраларының орны ерекше болып табылатын Абыл, Есет, Қашаубай, Қалнияз, Сүгір, Қашқынбай, Нұрым, Құлманбет, Қашаған, Шәйтін, Досжан, Білек, Ақтан, Кубала, Аралбай, Өскінбай, Өмір сынды барлығы он жеті ақын, жыраулардың туындылары берілді. «Алдаспан» және «Ақберен» жинақтарының жарық көруі қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеудегі маңызды ғылыми мәселелердің бірі – ақын, жыраулар шығармаларына деген ғылыми негізсіз күмәндардан арылтып, олардың авторлығы сақталмаған деген мәселедегі даулы түйіндерді шешіп берді. Ол фольклорлық мұраға танылып келген әдебиет нұсқаларын жаңаша байыптау деген мәселелерге де қозғау салды. Мәселен, М. Дүйсенов «Фольклор ма, әдебиет пе?» атты полемикалық мақаласында «Фольклорды ауыз әдебиеті мағынасында қолдану ғылыми жағынан теріс» деген пікір білдірді [12]. Ғалым мақаласы жыраулар поэзиясының өзіндік табиғатын тануда оны фольклорлық заңдылық тұрғысынан

екшеуге болмайтынын көтеруімен маңызды. Ал Б. Алдамжаров «Тарих қойнауына көз салсақ» мақаласында көне түркі әдебиетін 1. Көне түркі әдебиеті (VI-X). 2. Орта ғасырдағы классикалық түркі әдебиеті (X-XVI) деп үлкен екі дәуірге бөліп, оларды іштей бірнеше салаға жіктейді. Бірінші дәуір аясында көне ұйғыр жазбалары (манихей, будда ескерткіштері, заң документтері), көне түрік жазбалары (Орхон-Енисей, Талас жазулары және басқалар) қаралса, екінші дәуір аясында чигиль-карлұқ-ұйғыр тіліндегі әдебиет («Құтты білік»), Оғыз-қыпшақ тіліндегі әдебиет («Кітаби Дадам Қорқыт», «Негдж ұль-фарадис», «Хосров уа Шырын», «Қысса ұль-әнбия», «Махаббатнама», «Диуани хикмет», т.б.), шағатай тіліндегі әдебиет («Юсуф Зулейха», «Ревнак ұль-ислам», «Саккаки Лұтфи, Юсуф Өмір, Науаи, Бабыр Мұхамед Салих шығармалары»), Ноғай-Қырғыз-Қыпшақ тіліндегі әдебиет (Сыпыра жырау, Кетбұға жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шәлкиіз жыраулар, Ноғайлы дәуірінде туған эпостар), араб тіліндегі түркістан әдебиеті, парсы тіліндегі түркістан әдебиеті [13]. Б. Алдамжаров мақаласының маңызы хронологиялық тұрғыда көне дәуірден бастап қазақ хандығы дәуіріне дейінгі әдебиет нұсқалары мен жыраулар мұрасын ауқымды қамтуында, әдебиет тарихында зерттелуі тиіс әдеби-тарихи арналарды зерделеуінде.

Ғылыми принциптілік әдебиеттанудың өзекті де маңызды мәселелерін байыпты шешудегі кемел істің кәсіби маманы болуында десек, Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» еңбегі ғалымның әдебиет тарихын дәуірлеудегі өз ұстанымына деген ғылыми адалдығын және де оны жетекші орынға шығаруды дйттеуі өмірлік мұраты болғанын көрсетсе керек. Еңбектің «Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу», «Дивани лұғатит түрік», «Қисса-сұл әнбия», «Кодекс Куманикс», «Мұхаббат нама», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» атты проблемалық сипаттағы ғылыми мақалаларының жинақталып берілуі әдебиет тарихын дәуірлеу әрі оны дәлелдеу талабындағы ізденістер желісінің үзілмеген арналарын танытады [14]. Сондықтан да ғалымның осы еңбегіне жазған Б. Абылқасымов пен Ш. Ыбыраевтардың рецензия мақаласында: «Жазба әдебиетіміздің тарихы V-VI ғасырлардан басталғандығын мойындайтын кез жетті. XV ғасырға дейінгі жазба